

**МАТЕРИАЛДАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ  
ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ**

2020 жылы 10 сәуір күні еліміздегі техникалық білімнің қара шаңырағы Satbayev University – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде «Сәтбаев оқулары-2020» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Конференцияға қатысуға студенттер, магистранттар, жас ғалымдар шақырылады!

«Сәтбаев оқуларының» жұмыстары келесі ғылыми бағыттарда жүргізіледі:

1. Геология, геофизика, мұнай-газ және тау-кен ісі
2. Металлургия және өнеркәсіптік инженерия
3. Сәулет және құрылыс
4. Өндірісті автоматтандыру және цифрландыру
5. Кибернетика және ақпараттық технологиялар
6. Химиялық және биологиялық технологиялар
7. Жобаны басқару
8. Негізгі пәндер

Ғылыми еңбектер жинағы конференциядан кейін сайтта электронды нұсқада беріледі. Көлемі 4 беттен тұратын материалдар талаптарға сай рәсімделіп, электронды адреспен тиісті секция бөліміне жіберіледі. Конференция аяқталғаннан кейін қатысушыларға сертификаттар тапсырылады.

Ұйымдастыру комитеті рәсімдеу талаптарына сай келмейтін баяндамаларды кері қайтаруға құқылы.

Ғылыми жұмыс тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға берілетін баяндамалар мәтінін қабылдаудың соңғы күні: 15 наурыз 2020 ж.

Өткізілетін орны: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ.

*Ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары:*

*Жолтаев Герой Жолтайұлы*

050010, Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 69, «Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты» ЖШС-нің директоры, 2-қабат, қабылдау бөлімі, телефон: +7(727)2915608, +7(727)2726886, e-mail: [g.zholtaev@satbayev.university](mailto:g.zholtaev@satbayev.university)

*Ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары:*

*Сыздықов Асқар Хамзайұлы*

050013, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22а, Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институтының директоры, Бас оқу ғимараты, 325-каб., тел.: +7(727)2577031, 7031, e-mail: [A.Syzdykov@satbayev.university](mailto:A.Syzdykov@satbayev.university)

*Жауапты орындаушы:*

Бекботаева Алма Анарбекқызы

050013, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22а, «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу және барлау» кафедрасының меңгерушісі, Бас оқу ғимараты, 439-каб., телефон: +7(727)2577327, 7327, +7(747) 6868002, e-mail: [a.bekbotayeva@satbayev.university](mailto:a.bekbotayeva@satbayev.university)

*Конференцияның жауапты хатшысы:*

Баудағулова Гульнафис Тұрғанбекқызы

050013, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22а, «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының Минералогиялық мұрайжайының маманы, ТМҒ (фойе), тел.: +7(778)7007011, 7178, e-mail: [g.baudagulova@satbayev.university](mailto:g.baudagulova@satbayev.university)

## **КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҰСЫНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Баяндамаларды рәсімдеу талаптары келесідей: әдебиет тізімін, кестелер мен сурет жазбаларын, аңдатпаны қосқанда жалпы мақала көлемі баспа мәтінмен бірге 4 беттен аспауы тиіс. Файл атауы латын әрпімен бірінші автордың тегімен басталады (мысалы, Ivanov.doc(rtf)); мақала беті нөмірленген болуы тиіс. УДК бойынша кодпен көрсетіледі.

Аңдатпа мақала берілген тілде мәтіннің басында беріледі (100–150 сөз). Аңдатпа – ғылыми мақаланың тақырыбы, құрылымы туралы қысқаша мазмұндама.

Түйінді сөздер мақала мазмұнын толық ашуды қамтуы тиіс, 5-6 түйінді сөздер.

Авторлар, авторлар туралы мәліметтер, мақала атауы аңдатпа, түйінді сөздер мақала жазылған тілінде және ағылшын тілінде көрсетіледі.

Мәтін Word бағдарламасының кез келген түрімен жазылып, нақты алынған секция хатшысының электронды поштасына жіберілуі керек. Мәтін шрифті – Times New Roman, қағаз форматы – А4 (210\*297 мм), кегль өлшемі – 12 пт. Жол аралығы – бір реттік. Ендік бойынша жазылған. Абзац – 0,8 см, жоғарғы жолақ – 2, төменгі – 2, сол – 2, оң – 2. Кестелерде, суреттерде, формулаларда таңбаларды, белгілерді бергенде, оқулары әртүрлі болмауы тиіс. Суреттер нақты, таза, анық болуы тиіс. Мәтіндегі суреттер мен кестелерге сілтемелер беріледі, мәтіндегі формулалар саны минималды болуы қажет. Формулалар қажетті редактормен жазылуы тиіс (математикалық және химиялық формулалар үшін). Кестелердің тақырыптары жазылуы қажет, бос графалар жіберілмейді. Шартты қысқартулар мен таңбаларды түсіндіріп кету қажет.

Әдебиет тізімдері МЕСТ 7.1–2003 «Библиографиялық жазбалар. Библиографиялық сипаттама. Құрастыру ережелері мен жалпы талаптарға» сәйкес рәсімделеді.

Резюме орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде жазылған болса) жазылады, яғни автордың аты-жөні, мақала атауы, қысқаша мазмұны, негізгі зерттеу нәтижелерінен құралып, мазмұны, аударылу (5-6 жол) сапасы мен ақпараттануы бойынша талаптарға сай келуі қажет. Түйінді сөздер аудармасын (түйін сөздер – keywords) әрбір резюмеден кейін қайталауды сұраймыз.

Мақаланы рәсімдеудің сызбалық нұсқасы

УДК

Ортасына:

Автор/лардың аты және тегі (мысалы: И.В. Иванов, С.П. Крылов)

Ғылыми жетекші – ғылыми жетекшінің аты және тегі, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы.

Автор танытатын мекеменің толық атауы (елі мен қаласы). Егер авторлар басқа мекемелерден болса, өзара авторлар мен мекемелер келісімімен индекс арқылы көрсетіледі, мысалы: И.В. Иванов<sup>1</sup>, С.П. Крылов<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қаласы.

<sup>2</sup> Жану мәселелері институты, Қазақстан, Алматы қаласы.

Авторлардың электронды адресі.  
Мақала атауы (жартылай қою жазба)

Аңдатпа.

Түйіні сөздер.

Мақала мәтіні.

Әдебиеттер .

Мақала соңында қалған екі тілде аудармасы келтірілді (кезек бойынша): автордың аты-жөні, мақала атауы, резюме және түйінді сөздер (шрифт өлшемі негізгіге қарағанда 2 кегль кіші).